

I сайланған Алматы қалалық мәслихатының 1998 жылғы 18 қыркүйектегі ХХІ сессиясының «Алматы қаласындағы көріктендіру, санитарлық тазалау, тазалық сақтау және аумақты жинастыру Тәртібін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

III сайланған Алматы қаласы мәслихатының ХХVIII сессиясының 2007 жылғы 15 қаңтардағы N 326 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2007 жылғы 7 ақпанда N 737 тіркелді. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының VI сессиясының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 45 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - IV сайланған Алматы қаласы мәслихатының VI сессиясының 2007 жылғы 12 желтоқсандағы N 45 шешімімен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңының 7 бабына сәйкес III сайланған Алматы қаласы мәслихаты

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. I сайланған Алматы қалалық мәслихатының 1998 жылғы 18 қыркүйектегі ХХІ сессиясының "Алматы қаласындағы көріктендіру, санитарлық тазалау, тазалық сақтау және аумақты жинастыру Тәртібін бекіту туралы"» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 1999 жылы 5 наурызда N 35 тіркелген, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген - I сайланған Алматы қалалық мәслихатының 1999 жылғы 14 мамырдағы ХХV сессиясының шешімімен, 1999 жылғы 11 маусымда N 60 рет санымен тіркелген; II сайланған Алматы қалалық мәслихатының 2001 жылғы 4 сәуірдегі ІХ сессиясының шешімімен, 2001 жылғы 25 сәуірде N 327 рет санымен тіркелген; II сайланған Алматы қалалық мәслихатының 2001 жылғы 14 қарашадағы ХІІІ сессиясының шешімімен, 2001 жылғы 28 қарашадағы N 408 рет санымен тіркелген; II сайланған Алматы қалалық мәслихатының 2003 жылғы 27 ақпандағы ХХІV сессиясының шешімімен, 2003 жылғы 3 сәуірде - "Алматы ақшамы" N 67 газетінде жарияланған; III сайланған Алматы қаласы мәслихатының 2005 жылғы 27 сәуірдегі ХV сессиясының №N 143 шешімімен, 2005 жылғы 7 маусымда N 660 рет санымен тіркеліп, 2005 жылғы 16 маусымда - "Алматы ақшамы" N 67, 2005 жылғы 30 маусымда - "Вечерний Алматы" NN№131-133 газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Алматы қаласының аумақтарын көріктендірудің, санитарлық тазалаудың, тазалық сақтаудың және жинастыруды ұйымдастырудың Ережесінде:

а л ы н ы п т а с т а л с ы н :

"Қалалық өтетін жолдарды жинау және күтіп-ұстау"»IV бөлімдегі "Қалалық өтетін жолдарды жинау үшін сол немесе өзге ұйымдарға бекіту жергілікті атқарушы органның шешімімен бекітіледі" сөздері;

9 . 2 . т а р м а ғ ы .

2. Осы шешім Алматы қаласы әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалақұрылысы, көріктендіру және коммуналдық меншік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға (О.Ю. Нам) және Алматы қаласы әкімінің орынбасары Я.И. Заяцқа жүктелсін.

*III сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XXVIII сессиясының
төрағасы И. Шарипов*

*III сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы Т. Мұқашев*